

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы
"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының
2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына , "Республикалық және жергілікті бюджеттердің
атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20
наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының экономикалық
тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне "Стресті активтер қоры"
акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға екінші деңгейдегі банктерден
стресті активтер сатып алуды жүзеге асыру үшін 2008 жылға арналған республикалық
бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған
резервінен 18000000000 (он сегіз миллиард) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*